

*Түркістан облысы
Шардара ауданы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі*

***Күзгі демалыс
аясында өткізілген іс-шаралар***

2023-2024 оқу жылы

"Бекітемін"

Мектеп директоры



№2 Ж.Жапон атындағы бастауыш мектебінде күзгі демалыста
өткізілетін іс-шаралар жоспары.30.10-03.11.2023ж

№	Іс шара атауы	Мерзімі	Түрі	Орындаушы	Жауапты
1	Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелермен таныстыру.	30.10.23	Сынып жиналысы	1-4 сынып жетекшілері	ДТДЖО Н.Есімхан М.Нурманова
2	1.«Сынып жетекші-2023» байқауы 2. «Балам үйде, қылығы түзде» тақырыбы бойынша ата-аналар арасында дөңгелек үстел	31.10.23ж	Байқау Дөңгелек үстел	Ұйымдастырушы педагог А.Усенбаева Мектеп әкімшілігі Психолог-педагог О.Залова Ж.Мырзалиева	ДТДЖО Н.Есімхан М.Нурманова
3	1.«Салауатты өмір салтын сақтайық» 2. Үйде оқылатын оқушылар үшін іс-шаралар «Күздің кереметі» тақырыбында сурет байқауы «100 бір жұмбақ, 1001 мақал»	01.11.23ж	Спорттық жарыстар өткізу Байқау	Дене шынықтыру пән мұғалімі М.Танабай Ж.Абишев Әлеуметтік педагог Б.Қамбаева Ә.Әбдиев	ДТДЖО Н.Есімхан М.Нурманова
4	Білім сайысы «Алтын қақпа» «Қуышақ театры»	02.11.23	Жарыстар, байқаулар	ҚББП А.Болатбекова Үйірме жетекшілері 2-4 сыныптар арасында	ДТДЖО Н.Есімхан М.Нурманова
5	1.Қала мұражайна саяхат 2. Аудандық кітапханаға саяхат (оқушыларды таныстыру)	03.11.23ж	Саяхат	Тәлімгер Ж.Ермешова Д.Байтасова Кітапханашы Г.Сариева	ДТДЖО Н.Есімхан М.Нурманова
8	Өткізілген іс-шараларды әлеуметтік желілерге орналастыру	Уақытында	Фейсбуг парақшаларына жариялау	Ұйымдастырушы педагог А.Усенбаева	Мектеп директоры

Дайындаған ДТДЖО: Н. Есімхан

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Ұстаздық еткен жалықпас

(ұстаздар арасында сайыс)

Дайындаған: А.Усенбаева

2023 – 2024 оқу жылы

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 02.11.2023 жылы болып өткен іс-шараны

қорытындылау
ХАТТАМАСЫ

Күн тәртібінде:

«Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыбында өтілген сайысты қорытындылау.

Тыңдалды:

Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі» КММ –де оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Ұстаздық еткен жалықпас» тақырып аясында мұғалімдер арасында сайыс ұйымдастырды.

Мақсаты: білікті ұстаздар мен жас мұғалімдердің педагогикалық шеберліктерін шыңдау. Өзара тәжірибе алмасу мен бірлесе отырып шығармашылықпен жұмыс істеуге бағыттау.

Сайысқа 5 топ қатысты:

1-топ: «Болашақ» тобы – мектеп алды даярлық сынып ұстаздары

2-топ: «Бәйтерек» тобы – 1 сынып ұстаздары

3-топ: «Достық» тобы – 2 сынып ұстаздары

4-топ: «Өрлеу» тобы – 3 сынып ұстаздары

5-топ: «Зерделі» тобы – 4 сынып ұстаздары

Сайыс 5 кезең бойынша жүргізілді.

1. Топтардың таныстырылуы

2. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» - сұрақ – жауап

3. Әннің жалғасын тап

4. «Мақал – сөздің мәйегі» - мақалдың жалғасын табу

5. «Оқыта отырып ойнайық, ойната отырып оқытайық» - капитандар сайысы (үздік бір ойын түрін көрсету)

Қорытынды:

Сайыс барысында:

I орын: «Достық» тобы – 2 сынып ұстаздары

II орын: «Болашақ» тобы – мектеп алды даярлық сынып ұстаздары

III орын: «Бәйтерек» тобы – 1 сынып ұстаздары мен «Өрлеу» тобы – 3 сынып ұстаздары иемденді.

Сайыс соңында сайысқа белсене қатысқан ұстаздарға әкімшілік атынан алғыс білдіріліп, мақтау қағаздары табыс етілді.

Хатшы:



Усенбаева А

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде оқушылардың күзгі демалысты тиімді ұйымдастыру мақсатында түзілген жоспарға сәйкес өтілген іс-шарадан көрініс



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 16.10.2023 жылы болып өткен
іс-шараны қорытындылау
ХАТТАМАСЫ

Күн тәртібінде:

«Өнерлі ұстаз - 2023» тақырыбында өтілген байқауды қорытындылау.

Тыңдалды:

Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөлімінің 16.09.2023ж. №229-01\01\-172461 хатын негізге ала отырып «№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі» КММ –де мұғалімдер арасына «Өнерлі ұстаз - 2023» байқауы өтілді.

Байқау 5 кезең бойынша жүргізілді.

1-кезең: Үміткердің шығармашылық портфолиосы

2-кезең: Үміткердің шығармашылық көрмесі

3-кезең: Өзін-өзі таныстыру

4-кезең: «Менің педагогикалық қызметім» - ашық сабақ көрсету

5-кезең: Өз өнері

Байқауға қатысқан ұстаздар:

1.А.Ажибекова

2.Ү.Анашбекова

3.М.Алтынбекова

4.Қ.Онжигитова

5.А.Жақсанова

6.Н.Дүйсебаева

7.К.Пайзова

Қорытынды:

Байқау барысында:

А.Жақсанова бас жүлені иемденіп, 20 – қазан күні аудандық саз мектебінің базасында өтетін аудандық байқауға жолдама алды.

Байқау соңында жеңімпаз ұстаздарға мақтау қағаздары табыс етілді.

Хатшы:



Усенбаева А

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектепте өткен
«Өнерлі ұстаз - 2023» байқауынан көрініс**



№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебі
АББ-нің 16.09.2023 ж. №229-01\01-172461
санды хатына сәйкес атқарылған жұмыстың

М Ә Л І М Е Т І

Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөлімінің 16.09.2023ж. №229-01\01\172461 хатын негізге ала отырып «№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі» КММ –де ағымдағы жылдың 16 – қазан күні мұғалімдер арасына өтілген «Өнерлі ұстаз - 2023» байқауында бас жүлдені иемденген бастауыш сынып мұғалімі Ақбаян Жақсанова ұстаз 20 – қазан күні ауданда саз мектебінің базасында өтілген байқауда жүлделі ІІ орынды иемденіп қайтты.

Хатшы:



Усенбаева А

«Өнерлі ұстаз - 2023» аудандық байқауының II орын иегері Жаксанова Ақбаян



№2Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі
Ата-аналармен жұмыс

Х А Т Т А М А С Ы:

Күні: 31.10.2023ж

Қатысқандар: Ата-аналар

Тақырыбы: "Балам үйде, қылығы түзде" дөңгелек үстел

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде күзгі демалысты тиімді пайдалану мақсатында "Балам үйде, қылығы түзде" тақырыбында ата-аналар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру. Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен қарым-қатынасты жақсартып, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу. Мектеппен тығыз қарым-қатынас орната білу керек екендігін түсіндіру.

Дөңгелек үстел «Танысу» психологиялық жаттығудан басталды. Ата-аналар баласының жақсы мінезіне, қылығына атын қосып, өзін таныстырып өтті. Мысалы: Мен сүйкімді Еркеназдың анасы Гүлмирамын. т.с. Өмірде кездесетін балаға қатысты түрлі ситуациялық жағдайларды шешу жолдарымен бөлісіп, талқыланды. "Гүлдің оянуы" жаттығуында ата-аналар ақ параққа гүлдің суретін салып, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой-пікірлерін айтты.

Қорытынды: жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын жан-жақты талқыладық Ата-аналар бала тәрбиесі ең маңызды - мәселе екенін, бала тәрбиесінің қызығы мен қиыншылығы қатар жүретінін айтып өтілді.

Педагог-психолог: О.Залова.

"Балам үйде, қылығы түзде" дөңгелек үстелден көріністер



Түркістан облысы
Шарлара ауданы
№ 2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

«Дойбы ойыны»

Орындаған: Танабай М. Абишев Ж.

2023-2024 ж.



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш
әлеуметтік педагогтарының
«Күздің кереметі» тақырыбында
үйде оқытылатын және әлеуметтік
көмек қажет ететін оқушылармен
жүргізілген жұмыстардың

М Ә Л І М Е Т І

№2 Ж.Жабаев бастауыш мектебіндегі үйде оқытылатын және әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылар аралығында күз мезгіліндегі І тоқсан демалысында «Күз кереметі»

тақырыбында оқушылардың аралығында сурет салдырып, көрме ұйымдастырылды.

Сурет байқауына қатысқан оқушылар:

- 1.Кенже Әлімжан
- 2.Жунисбек Нұрасыл
- 3.Сарсенбай Аяжан
- 4.Мұса Мейіржан
- 5.Исатай Сезім
- 6.Серік Әли
- 7.Берікбай Ержігіт

Осы оқушылар сурет байқауына қатысып, күз мезгілін жақсы бейнелей білді.

Оқушылар сонымен қатар күз мезгілі туралы,өздері салған суреттеріне қарап отырып әңгімелей білді.

Әлеуметтік педагогтар:Б.Камбаева.Ә.Әбиев.

Үйде оқылатын оқушылар арасында өткізілген «Күздің кереметі»
тақырыбындағы сурет байқауы



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің
әлеуметтік талдаушы Әбиев Әлиасқардың
әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылар
аралығында «100 бір жұмбақ, 1001 мақал»
сайысының

М Ә Л І М Е Т І

Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың аралығында «100 бір жұмбақ, 1001» сайысы өткізілді. Сайыстың төмендегіше ережелері болды.

1. Сайыста мақал- мәтелді аз айтқан оқушы сайыстан шығып отырады.

Сайыстың кезеңдері:

1. Мақал-мәтел айту.

2. Мақал құрау.

3. Жұмбақ жасыру.

Қатысқан оқушылар:

1. Қуанышбек Н

2. Жумабай Н

3. Турдыбай Г

4. Мықтыбек Б

5. Базарбай А

6. Сағымбек Б

7. Қайратқызы Б

Өткізген: Әлеуметтік педагогтар. Б Қамбаева. Ә Әбиев

**Үйде оқылытын оқушылар арасында өткізілген
«100 бір жұмбақ, 1001 мақал» сайысынан көріністер**



№2 Ж. Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
«Алтын сақа»
тақырыбында өтілген
сайыстың

М Ә Л І М Е Т І

Мектебімізде 2- сынып оқушылары арасында «Алтын сақа» сайысы болып өтті. Сайыстың мақсаты: балаларды озық ойлы оқушы болуға тәрбиелеу, білімді, жан- жақты болуға үйрету. Сайыс 5 кезеңнен тұры:

1. Кім көп біледі?
2. Сөзден сөз тудыру
3. Жұмбақтар
4. Кім жылдам?
5. Сөзжұмбақ

Оқушылар әр кезеңнің сұрақтарына тапқырлықпен, белсенділікпен жауап беріп, нәтижесінде 2 «А» сынып оқушысы Базарбай қуаныш жеңіске жетті.

Дайындаған: А.Болатбекова

№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебінде өтіл «Алтын сақа»сайысынан
көріністер



№2 Ж. Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
«Логика әлемі»
тақырыбында өтілген сайыстың

М Ә Л І М Е Т І

Мектебімізде 3- сыныптар арасында «Логика әлемі» тақырыбында интеллектуалды сайысы болып өтті. Оқушылар екі топқа бөлініп 5 кезеңнен тұрған сайысты өте қызықты әрі тартысты өткізді. Сайыс кезеңдері:

1. Мақалды аяқта
2. Жұмбақтар
3. Логикалық есептер
4. Анаграммалар
5. Сөзжұмбақ

Сайыстың әр кезеңіндегі тапсырмаларды белсене орындаған оқушылар сайыстың қызықты өтуіне атсалысты.



Дайындаған: А.Болатбекова

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

Логика әлемі

сайыс

Дайындаған: А.Болатбекова

2023-2024ж

Сабақтың тақырыбы: Логика әлемі

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың психологиялық - танымдық қасиеттерін дамыту.

Сабақтың түрі: Сұрақ - жауап

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды 2 топқа бөлу.

Мұғалім сөзі: Құрметті ұстаздар және оқушылар бүгінгі біздің психологиялық ойындарға арналған «Ойлай білу - өнер» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Оқушылар екі топқа бөлінеміз.

1 - топ «Алғырлар» және 2 - топ «Тапқырлар»

Енді сіздерге жарыс сабағымыздың шарттарын түсіндіріп өтейін. Сабақтың барысы 5 - кезеңнен тұрады.

1 - кезең. Мақалды аяқта

2 - кезең. Жұмбақтар

3 - кезең. Логикалық есептер

4 - кезең. Анаграммалар

5 - кезең. Сөзжұмбақ

Әр дұрыс жауап 5 баллмен бағаланады.

Сабағымызды бастамас бұрын, әділ қазылар алқасын сайлап алайық!

Ал енді 1 - кезең. Мақалды аяқта кезеңінде сіздерге 8 ұяшық беріледі. Әр топтан төрт - төрттен 8 бала шығуларыңызды сұраймын.

«Мақалды аяқта» кезеңінің сұрақтары:

1. Туған жердей жер болмас,(туған елдей ел болмас)

2. Ерді намыс... (қоянды қамыс өлтіреді)

3. Бірлік болмай,(тірлік болмас)

4. Отансыз адам -(ормансыз құс)

5. Тіл тас жарады... (тас жармаса бас жарады)

6. Ақыл азбайды...(білім тозбайды)

7. Қына тасқа бітеді,....(білім басқа бітеді)

8. Білекті бірді жығар,....(білімді мыңды жығар)

9. Күшіңе сенбе,(ісіңе сен)

10.Ердің атын(еңбек шығарады)

Ендігі кезекті 2 - кезең. Жұмбақтар кезеңі

1. Жазда қыдырады,

Қыста тынығады (Аю)

2. Жатып-жатып инелер

Жүгіріп жаныңа тез келер (кірпі)

3.Таңмен көзін ашады

Әлемге нұрын шашады (күн)

4. Қыста ғана болады

- Ұстасаң, қолың тоңады (қар)
5. Әшейінде жекесің
Қарай қалсаң екеусің (Айна)
6. Гүлге қонады
Гүлдің қонағы
Үйіне кірсең
Бөшкелер балға толады (ара)
7. ағайынды бәрі
Шыкса- жасыл
Түссе- сары (жапырақ)
8. Мекені көкте екі ару
Бір – бірін көруге зәру (ай мен күн)
9. Үйреткен ілімді
Қырық екі білімді (әліпби)
10. Кезекті бір жануар
Үстінде екі тауы бар (түйе)

3 - кезең. Логикалық есептер

Сіздерге 10 логикалық есептер беріледі. Әр топтан 5 - 5 адамнан шығуларыңызды сұраймын.

1. Үстелдің 4 бұрышы бар. Егер бір бұрышын кесіп тастаса, неше бұрыш қалады? Жауабы: 5
- 2.. Мектеп ауласында 18 шырша өсіп тұр. Тағы да 4 емен және 3 шырша отырғызылды. Мектеп ауласында барлығы неше шырша бар? Жауабы: 21
3. Төртеуі 4 сағат шахмат ойынын ойнады. Әрқайсысы қанша сағат шахмат ойнады? Жауабы: 4
4. Қатар тұрған үш санның қосындысы да көбейтіндісі де 6 - ға тең Ол қандай сан? Жауабы: 1, 2, 3
5. Түнгі сағат 11 - де жаңбыр жауса, 48 сағаттан соң күн шығады деуге бола ма? Жауабы: Жоқ, себебі 48 сағаттан соң қайтадан түн болады.
6. Жанұяда 3 ұл бар. Әр ұлдың 1 әкесі бар. Жанұяда неше бала бар? Жауабы: 4
7. 1 жұмыртқаны қайнатуға 3 минут кетсе, 5 жұмыртқаны қайнатуға неше минут керек? Жауабы: (3мин)
8. Бөлмеде 4 мысық отыр. Әр мысықтың алдында 3 мысық отыр. Бөлмеде барлығы неше мысық отыр? Жауабы: 4
9. Екі аяғымен түрегеп тұрған адамның салмағы 50кг, бір аяғымен тұрған адамның салмағы неше кг? Жауабы: 50кг
10. Адамның 10 қолында неше саусақ бар? Жауабы: 50

4 - кезең. Анаграммалар

Анаграмма - сөздегі әріптердің орны ауыстырылған мағнасыз әріптер жиынтығы. Бұл кезеңде 10 ұяшықтан тұрады. Әр топтан 5 адам шығады.

5- кезең. Сөзжұмбақ

Үйге тапсырма ретінде берілген Сөзжұмбақтарын 2 топ алмастыру арқылы жұмбақтың жауабын шешеді.

Қорытынды: Бүгінгі сабағымызды қорытындылап өтсек, ойлай білу жер бетінде тек адам зат иесіне ғана тән нәрсе, сондықтан да жаратушы иеміз ойлана білуді тек бізге ғана берген. Ондай болса құрметті оқушылар өзімізге берілген таным процестерімізді, қабілетімізді тиімді пайдалана білейік.

№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебінде өтіл «Логика әлемі»сайысынан
көріністер

